

**«№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-ның
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау
нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын**

№ 03/23 хаттамасы

Өткізілген күні: 26.07.2023 жыл

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.

Жұмыс тобының жетекшісі: В.Коржова – бас есепші.

Жұмыс тобының мүшелері: З.Кадирбекова - кадр бөлімінің бастығы

Қ.Абжаппарова - басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасары

А.Маханова - жоспарлау экономика бөлімінің бастығы

А.Рахымбердықызы - заңгер

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ талдау

3. Өзге де мәселелер

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының талдау барысы және нәтижелері туралы есепті, жұмыс тобының жетекшісі В.Коржова назарға алуды сұрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес Мақтаарал аграрлық колледжі МКҚК-на сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Мемлекеттік сатып алу және құжаттамалық рәсімдеулері;
4. Ұйымдастыру-басқару қызметі.
5. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

Екінші мәселе бойынша ардагер медицина қызметкері Карасаева Г.Ж. өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған Байқау кеңесінің төрайымы Утесинова Ж. Б. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізудің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті. Кәсіподақ төрайымы Сапарбаева Е.А. топ мүшелеріне сұрақ қойды: «Егер сіздер тексеру барысында қандай да бір жемқорлық фактісін анықтасаңыздар не істейсіздер? Бірден құзырлы мекемелерге хабарлама жасайсыздар ма? Уәкілетті тұлға А.Рахымбердықызы жауап берді: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылады, тиісті ҰСЫНЫМДАР жасалады; мысалы құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады. Сонымен қатар, құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады».

Қоғамдық ұйымдардың және әлеуметтік серіктестіктердің мамандары колледжде жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.

Қаулы :

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін.
2. Орталықтың ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын.
3. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет орталықтың сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын. Аталған ұсынымдардың қадағалауы орталықтың жұмыс тобының жетекшісі В.Коржоваға, орындаушы басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасары К.Абжаппароваға және комплаенс-офицері А.Рахымбердықызыға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: _____ Р.Налибаева

Хатшы: _____ А.Рахымбердықызы

